

**Бекітемін:**  
**«Әсем» бебекшай**  
**балабақша менгерушісі**  
**\_\_\_\_\_ Ә.Т.Дөнен**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен  
оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы «Әсем» бебекшай балабақша**

**Топ: ересек «Балдаурен» топ**

**Балалардың жасы: 4 жастан.**

**Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2022-2023 оқу жылы.**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Ақпан	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"><li>- балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;</li><li>- дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;</li><li>- негізгі қимыл түрлерін: жүргу мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып аруды, еңбектеу мен өрмеледі, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;</li><li>- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты</li></ul>

ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;  
- әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;  
- ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.

**Лақтыру, домалату, қағып алу:** заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), он және сол қолымен көлденен қойылған нысанага (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанага лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет).

**Жалпы дамытушы жаттығулар.**

***Кеудеге арналған жаттығулар.***

Екі қолды белге қойып, онға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Онға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұгу және жазу,

төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бұту және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.

### **Спорттық жаттығулар.**

**Шанамен сырғанау:** төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.

**Шаңғымен жүру:** шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.

**Жүзу:** суға тұсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну.

### **Кимылды ойындар.**

Кимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастырудың бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.

Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық) дамыту. Кимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.

### **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**

Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін

	<p>қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үрету. Таракты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.</p> <p>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлышты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p><b>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.</b></p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b></p> <p>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сұртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дene жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p>
Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу;</li> <li>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен</li> </ul>

құбылыстар туралы ақпараттарды алудың оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау.

### **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**

Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.

Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.

Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: акырын, жылдам сөйлеуді менгерту үшін тақпактар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажыратып білуге және атауға үйрету.

### **Сөздік қор.**

Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, он, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама- қарсы антоним сөздермен байыту.

### **Тілдің грамматикалық құрылымы.**

Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат

	<p>есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрықрайымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысуышы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.</p>
Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту;</li> <li>- балаларға жастарына сәйкес тындауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну.</li> </ul> <p>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.</p> <p>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаши айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.</p>
Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасаудағыларын қалыптастыру;</li> </ul>

- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.

### **Тілдік дамытушы орта.**

Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдану.

### **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**

Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс аруды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө, қ" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.

### **Сөздік қор.**

Шағын өлөндер, санамактар, жаңылтпаштар, тақпактар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық

	<p>екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Сөздерді жіктең, тәуелден, септеп қолдана білуге үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажыратып білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p>
Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> <li>- заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзben өлшеу, қолмен ұсташа арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;</li> <li>- танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;</li> <li>- сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;</li> <li>- сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету;</li> <li>- эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін</li> </ul>

	<p>кеңейту; тірі және өлі табигат объектілеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b></p> <p>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)</p> <p>және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сойлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).</p>
Сурет салу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;</li> <li>- түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту.</li> </ul> <p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.</p>
Жапсыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту;</li> <li>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту.</li> </ul> <p>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қио және ол</p>

		<p>заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.</p>
	Мұсіндеу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем- эстетикалық талғамды дамыту;</li> <li>- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру.</li> </ul> <p>Мұсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.</p>
	Музыка	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.</li> </ul> <p>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды аланدامай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімеледеу, музыкалық шығарманың мәнерлі</p>

құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен).

### **Ән айту.**

Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қымылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музикалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенде таза және сөздерді анық айтуға, музиканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).

### **Музикалық-ырғақты қымылдар.**

Би қымылдарын, ойындағы музикалық қымылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музиканың қымылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музиканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музиканың екінші бөлігінде қымылдарды өзгерту.

### **Балалар музикалық аспаптарында ойнау.**

Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музикалық аспаптарды қолдану. Сазсырнайда әуендерді ойнау.

### **Билер.**

Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музиканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қымылдарды бастау, музиканың сипатына сәйкес қымылдарды ауыстыру, би

	<p>қымылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Женіл, ырғақпен қозғалу; жүппен би қымылдарын орындау; билерде ойындағы музикалық қымылдарды қолдану. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып журу, қымылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көнілді, ойнақы сипатын ажыратада білу, атрибуттармен би қымылдарын орындау.</p>
Құрастыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қағаздан құрастыру.</li> </ul> <p>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктең, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.</p>
Қоршаған ортамен танысу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін көңейту;</li> <li>- отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу;</li> <li>- құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу;</li> <li>- туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке</li> </ul>

	<p>тәрбиелеу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту;</li> <li>- танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру; табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру; қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтау.</li> </ul> <p><b>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.</b></p> <p>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту.</p> <p>Бақылау құнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Карапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.</p> <p>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау.</p> <p>Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.</p>
--	---

Әдіскер:

**А.А.Сулейменова**